

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Білім мен Өмір кемесіндегі студенттік кезең

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/167482/

Студенттік өмір – адамның өміріндегі ең ерекше кезеңдердің бірі. Бұл уақыт тек білім алумен ғана шектелмей, жаңа тәжірибелер мен оқиғаларға толы. Көптеген адамдар үшін студенттік кезең – жастық шақтың қызықтарын, қиындықтарын, достық пен махаббатты, алға қойған мақсаттарға қол жеткізу жолдарын қамтитын өмірдің маңызды сәті. Осы кезеңде әрбір студент өзін-өзі таниды, жауапкершілікті сезініп, еркіндік пен дербестіктің дәмін тататын шаққа жетеді. Бірақ студенттік өмірдің тек қызықтарынан ғана емес, шыжықтарынан да тұратыны белгілі. Мектеп кезінен айырмашылығы, студенттік кезеңде адамдар өздері үшін жауапкершілік алады. Бұл еркіндіктің пайда болуымен байланысты. Сабақ кестесін өз бетіңмен құру, жеке уақытты басқару және маңызды шешімдерді қабылдау еркіндігі студенттік өмірдің басты артықшылықтарының бірі. Студенттік кезеңде әртүрлі өңірлерден, тіпті шет елдерден келген замандастармен танысуға мүмкіндік туады. Университетте достар табу, топтық жобалар жасау арқылы жаңа ортаға бейімделу – студенттік өмірдің ең қызықты тұстарының бірі. Көптеген достықтар мен қарым-қатынастар осы кезде басталады және өмір бойы сақталады. Студенттік кез – өзіңді түрлі шығармашылық салаларда сынап көруге, қызықты шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Көптеген университеттерде студенттік ұйымдар, клубтар, дебаттар, спорттық жарыстар өтеді. Бұл шаралар студенттердің өз таланттарын ашуға және жаңа дағдыларды дамытуға көмектеседі. Студенттік өмірдің ажырамас бөлігі – көңілді кештер мен мерекелік шаралар. Бұл шаралар оқу процесінің ауыртпалығын жеңілдетіп, жағымды эмоциялар сыйлайды. Қызықты ойындар, би кештері, таланттар байқауы студенттердің бос уақытын көңілді өткізуіне мүмкіндік береді.

Студенттер көбінесе қаржылық қиындықтарға тап болады. Оқу ақысын төлеу, тұрғын үй жалдау, күнделікті шығындар – мұның бәрі студент үшін үлкен сынақ болуы мүмкін. Көптеген студенттер осы кезеңде жұмыс істеуге мәжбүр болады, бұл өз кезегінде оқу процесіне әсер етуі мүмкін. Студенттік өмірдің ең қиын тұстарының бірі – уақытты тиімді басқару. Сабақтар, тапсырмалар, емтихандар, қосымша жұмыстардың барлығы бір уақытта жиналып, студенттер арасында стресске әкелуі мүмкін. Әсіресе, сессия

кездерінде студенттерге көп оқып, дайындалуға тура келеді, бұл психологиялық және физикалық шаршауға әкелуі мүмкін. Көптеген студенттер жатақханада тұрады, бұл өз кезегінде жаңа қиындықтар туғызады. Бір бөлмеде бірнеше адаммен тұру, тұрмыстық жағдайлардың қиындығы, жеке кеңістіктің жетіспеушілігі жатақхана өмірінің негізгі шыжықтары болып табылады. Студенттік өмірдегі ең күрделі сынақтардың бірі – сессия және емтихандар. Қиын сұрақтарға дайындалу, бағаларға алаңдау, түнде ұйықтамай оқып, стресс жағдайында болу – бұл әр студенттің басынан өтетін жағдайлар. Емтихан нәтижелері болашаққа үлкен әсер ететіндіктен, бұл кезең әсіресе маңызды. Студенттік өмір – қызықтар мен шыжықтарға толы ерекше кезең. Бұл уақыт жастарға жаңа достар тауып, өздерін әртүрлі салада сынап көруге, жауапкершілікті сезініп, үлкен өмірге дайындалуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қиындықтар мен сынақтардан өту арқылы студенттер шынығып, жеке және кәсіби тұрғыдан дамиды. Студенттік өмірдің әр сәтін бағалай білу – табысты болашаққа апаратын маңызды қадам.

Халел Досмұхамбетов атындағы Атырау Университеті

Мамандық: Журналистика және ақпарат

Орындаған: Темірболат Ақерке

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.